

«Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» қызметі шеңберіндегі Ниеттестік бағдарламасының және Кешбэк есептеудің қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы «Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» қызметі шеңберіндегі Ниеттестік бағдарламасының және Кешбэк есептеудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім), сондай-ақ «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі — Банк) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Осы Қағидалар «Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» қызметі шеңберінде Клиентке – жеке тұлғаға Кешбэк ұсыну (есептеу), оны Банктің іске қосу (растау) тәртібі мен талаптарын айқындайды, сондай-ақ Кешбэкті ұсынбау/жою рәсімін реттейді.
- 1.3. «Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» Клиентке оның қаржылық мінез-құлқы мен кредит тарихы туралы деректер негізінде оның кредиттік қабілеттілігін бағалау түрінде ақпарат пен консультациялар беретін қызмет болып табылады. Аталған қызмет негізінде ниеттестік бағдарламаларының қосымша тетіктері іске асырылуы мүмкін.

2-тарау. Пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар

- 2.1. Осы Қағидаларда келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:
 - 1) **Freedom Рейтинг** – Клиенттің қаржылық мінез-құлқын көрсететін жиынтық көрсеткіш түрінде тек консультациялық сервис шеңберінде ғана Клиентке берілетін және Банк мінез-құлқы, қаржылық әрі өнімдік факторлардың, соның ішінде: Freedom инвестициялық валютасының қалдығы, өнімдерді пайдалану, серіктестерден сатып алу, төлем тәртібі, қаржылық тұрақтылық, кредиттік белсенділік, сондай-ақ жалақылық түсімдер жиынтығы негізінде қалыптастыратын 0-ден (нөл) 100 (жүз) балға дейінгі шәкілі бойынша Клиентті ішкі бағалау жүйесі;
 - 2) **SuperApp** – мобильді құрылғыға орнатылған қолданба (бағдарламалық қамтылым) арқылы қашықтан көрсетілетін электрондық банктік қызметтерді және Банк серіктестерінің қызметтерін алуға арналған Freedom SuperApp мобильді қолданбасы;
 - 3) **Бонустық шот** – Клиент «Freedom Рейтинг» консультациялық сервисіне қосылған кезде Банк автоматты түрде ашатын Клиенттің теңгерімнен тыс шоты. Бонустық шотта Кешбэк есептеу және есептен шығару бойынша операциялар көрсетіледі. Клиенттің бастамасы бойынша Бонустық шоттан Кешбэк есептен шығарылады және одан әрі пайдалану үшін Клиенттің ағымдағы шотына баламалы сомамен есептеледі. Бонустық шот бойынша есептеу және есептен шығару сияқты операциялар SuperApp-та көрсетіледі;
 - 4) **Freedom инвестициялық валютасы/ETN** – «Freedom инвестициялық валютасы» банктік өнімі, Клиентке тиесілі бағалы қағаздар түріндегі базалық активтің ақшалай баламасы түріндегі өлшем бірлігі. Бағалы қағаз тикері FRHC болып табылатын Freedom Holding Corp. акциясымен қамтамасыз етілген ETN (Exchange Traded Notes, эмитенті – FRHC Fractional SPC Ltd., сауда белгісі – FRHC.ETN, ISIN – KZX000002001) болып табылады. Freedom валютасы Клиентке ETN-ді сату/сыйға тарту арқылы төлемдер мен аударымдар жасауға мүмкіндік береді. Номиналы АҚШ долларымен белгіленген;
 - 5) **Кешбэк** – «Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» қызметі шеңберінде техникалық іске асырылған сәттен бастап (оны қоса алғанда) және Қағидалардың 4.4-тармағының талаптарын ескере отырып ресімделген кредит шарты бойынша жоспарлы ай сайынғы төлемді уақтылы өтеудің міндетті талабы орындалған кезде Банк өз қаражаты есебінен Клиенттің Бонустық шотына есептейтін табыс, ол Клиенттің Freedom Рейтинг деңгейіне, кредиттік өнімнің түрі мен мерзіміне байланысты болады;
 - 6) **Клиент** – 18 жасқа толған, SuperApp қолданбасында тіркелген және авторизациялаудан өткен, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес сәйкестендіруден өткен жеке тұлға;

- 7) **Freedom Рейтинг деңгейлері** – Клиентке берілетін Кешбэк мөлшерін анықтайтын Freedom Рейтингінің қорытынды мәндерінің градациялануы (төмен, орташа, жақсы, жоғары) (осы Қағидаларға **№1 қосымшада** белгіленген тәртіппен).

3-тарау. Кешбэктің ерекше талаптары

3.1. Кешбэкті есептеу тек кредит шарты бойынша міндетті жоспарлы ай сайынғы төлем уақтылы өтелген жағдайда ғана жүзеге асырылады. Кешбэк SuperApp арқылы Клиенттің Бонустық шотына ұлттық валюта – теңгемен есептеледі, ол кейіннен ETN сатып алу бойынша мәміле жасалған сәтте белгіленген Банк бағамы бойынша ETN-ге айырбасталады. Клиенттердің жекелеген санаттары үшін (мемлекеттік органдарда мемлекеттік лауазымдарды атқаратын тұлғалар, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері және ерекше санатқа жатқызылған өзге де тұлғалар) Кешбэкті Бонустық шотқа есептеу теңгемен жүргізіледі.

3.1.1. Есептелген Кешбэк Клиенттің Бонустық шотында ескеріледі және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында әрі Банктің ниеттестік бағдарламасының қағидаларында белгіленген тәртіппен SuperApp қолданбасында көрсетіледі.

3.1.2. Есептелген Кешбэкті пайдалану Клиенттің бастамасы бойынша келесі тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- Кешбэкті Бонустық шоттан есептен шығару және баламалы соманы Клиенттің ұлттық валютадағы (теңге) ағымдағы шотына есептеу арқылы;
- Freedom инвестициялық валютасы/ETN шеңберінде – Клиенттің Freedom инвестициялық валютасын/ETN іске қосуы және Банк белгілеген шарттарды сақтауы кезінде.

3.1.3. Клиент Freedom инвестициялық валютасын/ETN іске қосылмаған жағдайда, Кешбэкті пайдалану Банк белгілеген тәртіппен баламалы соманы Клиенттің ағымдағы шотына есептеу арқылы жүзеге асырылады.

3.2. Клиенттің Freedom Рейтингі төлем тәртібінің, кредиттік белсенділіктің, Freedom инвестициялық валютасы қалдығының, қаржылық тұрақтылықтың және SuperApp қолданбасы арқылы серіктестерден сатып алудың, сондай-ақ жалақылық түсімдердің көрсеткіштерін қоса алғанда, факторлардың жиынтығы негізінде есептеледі.

3.2.1. Freedom Рейтингтің ақырғы мәні 0 балдан 100 балға дейінгі аралықта сақталады

3.3. Жекелеген жағдайларда Банк Клиенттердің жекелеген санаттары үшін Кешбэк¹ есептеу бойынша шектеулер немесе алып тастаулар белгілеуге құқылы, соның ішінде:

- Freedom инвестициялық валютасын/ETN іске қоспаған Клиенттерге;
- мемлекеттік органдарда мемлекеттік лауазымдарды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын тұлғаларға;
- Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері және ерекше санатқа жатқызылған өзге де тұлғаларға.

3.4. Банк есепті кезеңде бір Клиентке есептелетін Кешбэк¹тің ең жоғары мөлшерін белгілеу құқығын өзіне қалдырады.

4-тарау. Кешбэк¹ті ұсыну және есептеу

4.1. «Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» қызметі шеңберінде Кешбэк¹ті ұсыну, есептеу тәртібі және Кешбэк бойынша барлық есептеулер осы Қағидалармен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ

¹ Банк Клиенттердің белгілі бір санаттары үшін шектеулер немесе ерекшеліктерді/ең жоғары мөлшерді белгілеуге/есептелетін Кешбэк пайызын (ұлғайту немесе азайту жағына қарай) өзгертуге құқылы.

Банктің <https://bankffin.kz> ресми интернет-ресурсында орналастырылған Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес айқындалады.

4.2. Есептелген Кешбэктің мөлшері Клиенттің Freedom Рейтинг деңгейіне, кредиттік өнімнің түрі мен мерзіміне байланысты осы Қағидаларға **№1 қосымшада** белгіленген тәртіппен айқындалады.

4.2.1. Кредиттік шарт бойынша міндетті жоспарлы ай сайынғы төлем жасалғанға дейін Клиентке SuperApp-та көрсетілетін кешбэк мөлшері ақпараттық сипатқа ие және осындай төлем жасалған күні өзектендірілуі мүмкін. Есептелетін кешбэктің қорытынды мөлшері Клиенттің Freedom Рейтингісінің өзекті деңгейін, кредиттік өнімнің түрі мен мерзімін, сондай-ақ осы Қағидалармен қарастырылған шарттарды ескере отырып, Банкпен міндетті жоспарлы ай сайынғы төлем жасалған күні анықталады.

4.3. Банк Клиенттің келісімін алмай және бөлек хабарлама жібермей-ақ есептелетін Кешбэк пайызын біржақты тәртіппен өзгертуге (көбейтуге немесе азайтуға) құқылы.

4.4. Кешбэк Клиентке келесі жағдайларда ұсынылмауы мүмкін:

- осы Қағидалардың 3.1-тармағында белгіленген талаптардың сақталмауы (мысалы, кредит шарты бойынша міндетті жоспарлы төлемнің уақтылы толық өтелмеуі, белсенді Бонустық шоттың болмауы немесе Freedom инвестициялық валютасының/ETN іске қосылмаған болуы);
- кредит шарты бойынша мерзімі өткен берешектің болуы;
- кредит шарты бойынша ай сайынғы төлемді толық көлемде төлемеу;
- Кешбэк ұсынудың белгіленген талаптарына сәйкес келмейтін шеңберде толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыру;
- міндетті төлемді касса арқылы немесе транзиттік шотты толықтыру құралымен өтеу;
- Клиенттің осы Қағидалардың 3.3-тармағында көрсетілген санаттардың біріне жатқызылуы (мысалы, мемлекеттік қызметшілер, Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері және олар үшін Freedom Рейтинг кешбэгін есептеудің шектеулері немесе өзгеше тәртібі белгіленуі мүмкін клиенттердің өзге де ерекше санаттары);
- Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де жағдайлар.

4.5.Кешбэкті тек Банк Клиенттері ғана пайдалана алады.

5-тарау. Кешбэкті пайдалану

5.1.Есептелген Кешбэк Клиенттің Бонустық шотында тіркеледі және SuperApp қолданбасында көрсетіледі.

5.2.Клиент есептелген Кешбэкті жинақтауға және оны Банктің ішкі нормативтік құжаттарында, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен пайдалануға құқылы.

6-тарау. Кешбэкті қайтару

6.1.Банк Клиенттің осы Қағидалардың талаптарын теріс пайдалану ретінде бағаланатын әрекеттерін анықтаған немесе Клиенттің осы Қағидаларды бұзу фактілерін белгілеген жағдайларда, Банк есептелген Кешбэктің бүкіл сомасын Клиенттің Бонустық шотынан есептен шығаруға құқылы.

6.2.Кешбэктің қате немесе артық есептелуі анықталған жағдайда, Банк алдын ала хабарламастан тиісті соманы Клиенттің Бонустық шотынан есептен шығаруға құқылы.

6.3.Банк техникалық ақаулар анықталған, Банктің есепке алу жүйелеріндегі деректерге түзетулер жүргізілген жағдайларда бұрын есептелген Кешбэкті қайтаруды бастауға құқылы.

6.4.Банк сондай-ақ Клиент тарапынан алаяқтық әрекеттер жасалды деп пайымдауға негіздер болған кезде Кешбэкті қайтаруға құқылы.

6.5. Банк кредит шарты бойынша ай сайынғы төлем жойылған немесе түзетілген жағдайда, есептелген Кешбэкті Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен есептен шығаруға құқылы.

7-тарау. Ағымдағы шоттарды жабу кезінде Кешбэкті есептен шығару

7.1. Клиенттен Банкте ашылған барлық Ағымдағы шоттарды жабуға өтініш түскен кезде Клиенттің Бонустық шотында есептелген және пайдаланылмаған Кешбэктің болуына тексеру жүргізіледі.

7.2. Банк Клиентке пайдаланылмаған Кешбэктің бар екендігі туралы хабарлайды және шоттарды жабу процесі басталғанға дейін оны пайдаланудың қолжетімді тәсілдері туралы ақпаратты ұсынады.

8-тарау. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

8.1. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ Кешбэкті есептеу құрылымына өзгерістер енгізу (ұсыну, іске қосу, пайдалану, жою) Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін және олар Банктің <https://bankffin.kz> ресми интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап күшіне енеді. Өзгерістер жарияланған күннен кейін қызметті пайдалану фактісімен Клиент жаңартылған Қағидалармен танысқанын және оларға келісетінін растайды.

8.2. Осы Қағидаларға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар күшіне енген сәттен бастап «Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» қызметіне қосылған барлық Клиенттерге қолданылады.

8.3. Банк Клиенттерге Кешбэкті есептеу талаптарының өзгергені, сондай-ақ жекелеген функциялардың қолданылуы тоқтатылғаны немесе әдістеменің түзетілгені туралы ақпаратты Банктің <https://bankffin.kz> ресми интернет-ресурсында және SuperApp қолданбасында орналастыру арқылы хабардар етеді.

**«Freedom Рейтинг консультациялық сервисі»
қызметі шеңберінде Кешбэкті есептеу қағидаларына
№1 қосымша**

«Freedom Рейтинг консультациялық сервисі» қызметі шеңберінде кредит шарттары бойынша міндетті ай сайынғы төлемдерді төлегені үшін Клиенттерге Кешбэк ұсыну талаптары Есептелетін кешбэктің мөлшері Клиенттің Freedom Рейтинг деңгейіне және кредит мерзіміне байланысты болады.

1-кесте. Қолма-қол ақшалай кредит

Кредит мерзімі Freedom Рейтинг деңгейі (баллдар)	6 ай	12 ай	24 ай	36 ай	48 ай	60 ай
80–100	0,8%	1,5%	2,7%	3,8%	4,7%	5,5%
60–79	0,5%	1,0%	1,7%	2,4%	3,0%	3,5%
40–59	0,3%	0,5%	1,0%	1,4%	1,7%	2,0%
0–39	0%	0%	0%	0%	0%	0%

2-кесте. Цифрлық автокредит

Кредит мерзімі Freedom Рейтинг деңгейі (баллдар)	12 ай	24 ай	36 ай	48 ай	60 ай	72 ай	84 ай
80–100	1,0%	1,8%	2,6%	3,3%	3,9%	3,9%	5,0%
60–79	0,5%	0,9%	1,3%	1,6%	2,0%	2,0%	2,5%
40–59	0,2%	0,4%	0,5%	0,7%	0,8%	0,8%	1,0%
0–39	0%	0%	0%	0%	0%	0%	0%

3-кесте. Цифрлық ипотека

Кредит мерзімі Freedom Рейтинг деңгейі (баллдар)	60 ай	72 ай	84 ай	120 ай	240 ай
80–100	1,1%	1,1%	1,4%	1,8%	2,5%
60–79	0,6%	0,6%	0,8%	1,1%	1,5%
40–59	0,2%	0,2%	0,3%	0,4%	0,5%
0–39	0%	0%	0%	0%	0%